

орнатылған көпқабатты үйлер бойынша жылуға орташа тариф 1 шаршы метр үшін 62,99 теңгені, ыстық суға адам басына 453,42 теңгені құрады, яғни бұл үйлердің нақты көрсеткіштері бекітілген тарифке қарағанда едәуір төмен. Тәжірибе көрсеткендей, реттелетін қызметтерге төлемді есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша төлеу ең алдымен тұтынушыға пайдалы.

Тұтынушылар нарық қыспағында энергия ресурстарын үнемдеу мен қаражат ысырабын төмендетудің бірінші қадамы дәл есепке алу екенін түсінуде.

Осы мақсатта энергияны үнемдеу аясында электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізу жұмысы жалғасуда. Алдағы уақытта да энергия үнемдеуге байланысты шаралар кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасының басым бағыты болып қалады.

Әдебиеттер

1. «Энергия үнемдеу -2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды (27 08 13) // <https://kaztube.kz/video/92021>
2. Ю.В. Копытов «Экономия энергии в промышленности: Справочное пособие для инженерно-технических работников» -М.: Энергоатомиздат, 1983. - б 208.
3. О.Л. Данилова «Энергосбережение в теплоэнергетике и теплотехнологиях» -М., «МЭИ», -б. 188.

**Рахимжанова Т.К., э.ғ.м., аға оқытушы
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасында бүгінгі таңда лизинг кәсіпорынның инвестициялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін қаржының қайнар көзіне толықтыру болып табылады. Шаруашылық тәжірибеде лизингті қолдану инвестициялық процесті белсендендіруге мүмкіндік береді, лизинг алушының қаржылық жағдайын жақсартады, бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Лизинг халықаралық деңгейде әлемдік тәжірибедегі ғылыми-техникалық прогрестің маңызды факторларының бірі болып табылады. Лизинг әр түрлі елдерде экономикалық өсу кезінде ғана емес, сондай ақ экономикалық құлдырау кезінде де технология мен алдыңғы қатарлы техникаға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл прогрессивті әдіс өндірісті материалды-техникалық қамтамасыз ету нормативті реттеу мен тиісті енгізу, тек қана қазақстандық нарықта ғана емес, шетел мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы техника және технологиямен қамтамасыз етуге қабілетті. Осылайша, халықаралық лизинг арнасын қолдану ішкі және сыртқы нарықта қиындататын бәсекелестік жағдайында жеке бизнесті бекітудің күшті факторына айналады. Одан өзге, лизинг техниканың моральды ескіруі факторын ұзартуға жетелейді, қажетті жағдайда, белгілі бір қолдану уақытынан кейін салытырмалы жақсы сату немесе оны басқа тұтынушыға беру.


Қазақстанда лизинг нарығын дамыту қолға алынған. Бұл нарықтың даму ерекшеліктері де бар. Бірақ бүгінгі таңда әр түрлі факторларға байланысты мәселелер де жоқ емес.

Қорландырудың бұрыннан бар мәселелеріне соңғы жылдағы ұлттық валютаның девальвациясы қосылды. Сәйкесінше, лизинг нысанының қымбаттауы мен сұраныстың төмендеуі, лизинг алушылардың төлемқабілеттіліктерінің төмендеуі, соңынан лизингтік портфельдің сапасының төмендеу тәуекелі қосылды.

2015 жылы лизингге берілетін құрал-жабдықтардың үлесіндегі алдыңғы қатарда тұратын ауыл шаруашылық техникалары 61,1%-дан 41,7%-ға дейін азайып кеткен. Керісінше, темір жол техникасы нарық көрсеткішінің жоғары дәрежесін көрсетті. Бұл - ірі көлемде жасалған ауқымды мәміле негізінде белгілі бір кезеңде көрініп қалатын сегмент.

Осы арқылы машинажасау және металлургиялық құралдар, жүк тасымалдау автокөліктері лизингі 12%-ға көтерілген.

Қазақсанның лизингтік қызметтер нарығы 2015 жылы ұлттық валютаның девальвациясымен және экономика өсімінің баяулауымен байланысты бірқатар мәселелерге тап болды. Соңғы жылдары экономиканың дамуын қолдаумен байланысты мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмыс істейтін лизингтік компаниялар ғана жоғарғы көрсеткіштерге ие болып отыр. Басқа нарық ойыншыларының динамикасы тұрақсыз жағдайда. Осыған қарамастан олар нарықтағы жұмыстарын жалғастырып келеді (сурет 1).



Дереккөз: ҚР ҰЭМ статистика бойынша Комитетінің мәліметтері

Сурет 1. Қазақстанның лизингтік портфель көлемі, млрд.тг.


Лизингтік портфель көлемі 2013 жылы – 196,1 млрд. теңгені, 2014 жылы – 257,055 млрд теңге, 2015 жылы – 321,2 млрд теңгені құраса, алынғын лизингтік төлемдер көлемі сәйкесінше, 54,7 млрд. теңге, 84,7 млрд. теңге, 115,98 млрд теңгені құраған.

Банктердің лизингтік порфельдері бұл кезеңде төмендеуді көрсетті, банктер бұл қызмет түрін соңғы жылдардағыдай белсенді түрде көрсетпеді, сәйкесінше портфель көлемі 7,4 млрд. теңгені ғана құрады.

2015 жылы экономиканың өсу қарқыны 1,2% көрсетті. Осыған байланысты негізгі құралдарға тартылған инвестиция да төмендеді және 2015 жылдың қортындысы бойынша өсу 7% көрсетті (соңғы 5 жылда орташа 9% болды). Жиынтық өсу ірі кәсіпорындарда жағымды жағдайда қалып отыр (2015 жылы 8%), сондай-ақ кіші бизнес бойынша 45% инвестиция тартылғын. Бұл-өте жақсы көрсеткіш. Осылайша, негізгі құралдарға салынатын инвестициялар бойынша лизингтік нарықтың дамуы 2015 жылы жағымды көрініс берді (сурет 2).

Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрлігінің статистикалық мәліметтері бойынша, 2015 жылы лизингтік компаниялардың портфелі 321,2 млрд. теңгені құрап, 25%-ға, ал алынғын лизингтік төлемдер 37%-ға өсті.

Қазақстанның алдыңғы қатарлы лизингтік компаниялар қатарында бірінші орында әдеттегідей «ҚазАгроҚаржы» компаниясы тұр, ол нарық үлесінің 57% алып отыр. Екінші орында өз қызметін белсенді түрде кеңейтіп жатқан БРК-Лизинг компаниясы алды. Үшінші орында Қазақстандық Иджар Компаниясы алды. Бұл компания қазақстандық лизинг нарығына 2014 жылы ғана енген болатын, соған қарамастан алғашқы үштікке еніп үлгерді.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ статистика бойынша Комитетінің мәліметтері
 Сурет 2. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі, млрд.тг.

Жалпы, 2015 жыл лизинг нарығына айтарлықтай өзгерістер әкелген жоқ. Лизинг секторы бұрынғыдай мемлекеттік қолдау нәтижесінде алға жылжып келе жатыр. Жеке меншік лизингтік компаниялар экономиканың қиын жағдайына қарамастан, тек бірнеше секторда ғана бәсекеге түсе алады.

Лизингтік компаниялар үшін инвестицияларды тартудың негізгі көзі болып банктік қарыздар болып табылады. Сәйкесінше, жуық арада ұлттық экономиканың өндірістік секторы өсу қарқынының төмендеуіне байланысты лизинг нарығының стагнациясы болуы мүмкін. Осыған байланысты инвестицияны тартудың тиімді көзі мемлекеттік қаражаттар болып табылады. Лизинг, басқа қаржылық институттар сияқты, экономиканың нақты секторын қолдауда мемлекеттің мүддесін ұстанады. Өйткені лизинг қызметтерді өндіру мен ұсыну нысаны болып табылады. Одан басқа, лизингті қаржыландыру шынайы активтер негізінде іске асады.

Қазіргі таңда мемлекет дамыту институттары, қаржылық мекемелер және қорлар арқылы экономиканың приоритетті салаларына ірі қаражаттар бөліп жатыр. Сондықтан мемлекеттік органдар қаржылық лизинг пен лизингтік компанияларды қаржыландыру арқылы экономиканың нақты секторын қолдау мен дамыту шараларын қолға алу керек. Мұндай қаржыландыру механизмі шағын және орта бизнесті дамытуда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның, құрылыс саласын қолдауда «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ-ның ресурстарын бөлу сызбасына ұқсас болған дұрыс.

Мемлекеттік лизингтік компанияларды қаржылық қолдау, өз кезегінде, экономиканың приоритетті секторын қаржыландырады, қазақстандық компаниялар үшін негізгі қорларды жаңарту инструменттерінің жеткіліктілігін қамтамасыз етеді. Одан басқа, лизингтік компаниялар арқылы өндірісті қаржыландыру ресурстарды мақсатты қолдануды кепілдендіреді, өйткені лизингтік компаниялар ақшадай формадағы несие емес, өндірістік құрал-жабдықтар негізінде несие береді.

Әдебиеттер

1. Газман В.А. Финансовый лизинг: Учебное пособие. - М. 2005 - 295 с.
2. ҚР ҰЭМ статистика бойынша Комитетінің мәліметтері
3. <http://raexpert.kz/researches/leasing/>